

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

• Вступление Казахстана в ВТО способствует наплыву концепций из Китая. Франчайзинговые бренды будут выходить в регионы со специально адаптированной для них программой.

Польза развитого франчайзингового сектора сегодня не требует каких-то доказательств, об этом свидетельствует опыт развитых странах, где франчайзинг стал индикатором успешной экономики. В целом, для экономики выгодным является не импорт товаров, а трансфер инноваций и технологий, и в этом отношении наиболее полезным можно считать т.н. «инно-франчайзинг», позволяющий создавать интеллектуальный продукт, а не импортировать его. Таким образом, можно с уверенностью сказать, что рынок франчайзинга в Казахстане, несмотря на имеющиеся проблемы, является очень перспективным и, как было отмечено выше, в дальнейшем прогнозируется его стабильный рост.

Литература:

1. Майлер А. Актуальные мировые тенденции франчайзинга [Электронный ресурс]. URL: <http://www.pmoney.ru> (дата обращения: 17.05.2017).
2. Закон Республики Казахстан от 24.06.2002 г. № 330-2 «О комплексной предпринимательской лицензии (франчайзинге)» (с изменениями по состоянию на 29.10.2015 г.).
3. International Franchise Association [Electronic resource]. Washington, D.C., USA, 2017. URL: <http://www.franchise.org/faq.aspx> (date of access: 17.05.2017)
4. Вестник Союза франчайзинга. Алматы, 2014. N 1. Приложение 1.
5. Шымыров, О. Отчет по результатам исследования «Изучение и анализ рынка развития франчайзинга в Республике Казахстан» [Электронный ресурс] / FinGate Capital Corporation. 2014. URL: http://www.damu.kz/content/files/OtchetPoIssledovaniyuSostoyanieIAnalizRazvitiyaRynkaFranchayzingaV RK_2014g_Rus.pdf (дата обращения: 17.05.2017).
6. Кисиков Б. В тренде инно-франчайзинг [Электронный ресурс]. Forbes. 2017. URL: https://forbes.kz/life/opinion/v_trende_inno-franchayzing (дата обращения: 17.05.2017).
7. Кисиков Б. Обзор рынка франчайзинга в Казахстане [Электронный ресурс]. URL: <https://business.gov.kz/ru/franchising/articles/detail.php?ID=63516> (дата обращения: 17.05.2017).

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТРАНСҰЛТТЫҚ КОРПОРАЦИЯЛАРДЫ ТАРТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Сулейменова У.Ш., Наримбетова А.Ж., Абайділда Ә.Е.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: umit888@mail.ru, narimbetova_azh@mail.ru, abaidilda.a.e@gmail.com

Қазақстанға өңдеуші өнеркәсіпті дамытып, дайын өнім шығарып, индустриалды ел болу деңгейіне жету үшін жоғары дамыған, озық технологиясы, тәжірибесі бар трансұлттық корпорациялар (ТҰК) түріндегі шетел инвесторларын тарту аса қажет. Елбасымыз, осыған орай, «100 нақты қадам – Ұлттық жоспар» стратегиялық бағдарламасында елімізге ірі трансұлттық корпорацияларды тартуды мақсат етіп қойды [1].

Жаңа тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының бастапқы кезеңдерде ТҰК-дың Қазақстан экономикасына қатысуы Қарашығанақ, Теңіз және Қашаған сияқты ірі мұнай жобаларын іске асыруға мүмкіндік тудырды. Бүгінгі күнге дейін Қазақстанның мұнай-газ саласына салынған инвестициялардың жартысынан көбі ТҰК үлесіне тиесілі. Сонымен бірге, тау-кен металлургиялық салада да ТҰК-дың қатысу үлесі жоғары деңгейде болып келеді. Алайда, негізгі капитал салымдары шикізатты барлау, өндіру мен тасымалдауға бағытталғанымен, ҚР

ҮИИД бағдарламасы шеңберінде ТҰК елімізде өнеркәсіптік өндірістері мен өкілеттіліктерін ашылууда.


Сонымен қатар, трансұлттық капитал өз табиғаты бойынша мемлекеттің егемендігіне елеулі әсер етеді. Бұны елдің экономикалық дамуының стратегиясын құруда құр қалдырмау қажет. Қазіргі әлемдік экономикада қызмет етудің жинақталған тәжірибесін қолдана отырып, Қазақстан қолда бар ресурстарын, мүмкіндіктерін қолдану қажет. Әлемдік ТҰК-ға төтеп беру үшін Қазақстан сияқты халық саны көп емес елдердің отандық компаниялары ұлттық экономика масштабы сияқты ауқымға ие болу керек. Яғни, мемлекетке оларды реттеу мен бақылаудан алшақ болмауға тура келеді.

Әлемдік бәсекелестіктің күшеюіне қарамастан, Қазақстанның, өзінің артықшылықтарын пайдалана отырып, жетекші ТҰК-ды тартуда үлкен мүмкіндіктері бар. Қазақстанның артықшылықтары:

- Пайдалы қазбалардың молшылығы;
- ЕЭО пайда болуымен байланысты үлкен тұтынушылық нарық;
- Тиімді географиялық орналасуы. Жаңадан құрылып жатқан «Жібек Жолының»

бойында батыс пен шығысты (Қытай мен Еуропаны) байланыстырушы ретінде болуы.

Қазақстандағы трансұлттық капиталдың келесі ерекшелігі оның мұнай-газ және түсті металлургия саласында шоғырлануында. Жиынтық инвестициялар көлімі бойынша елдің ең ірі инвесторларының ондығына АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Швейцария, Нидерланды, Корей Республикасы, Қытай, Канада және Ресей Федерациясы жататының жоғарыда атап кеттік. Олардың үлесіне Қазақстанның барлық ТШИ-ның 80% астамы тиесілі. Елімізде осы шетел корпорацияларының ішінде экономика секторлары бойынша әрараптандыру байқалады. Мысалға, АҚШ компаниялары мұнай-газ секторына салымдарының ішінде көшбасшы болып табылса (американдық фирмалар елдегі ірі жобалардың барлығына жуығына қатысады – «Тенгизшевроил», «Agip RCO», Каспий құбыр желісі консорциумы, Karachaganak Petroleum Operating B.V., және т.б.), нидерландылық инвесторлар көлік, байланыс, қаржылық қызметтерді көрсетуге бағытталады.



1 - Сурет – Қазақстанның ірі инвестор-елдері, 2005-2016 жж., млн.доллар

Алайда, шетелдік инвесторларды Қазақстанға кез-келген жолмен тартудан аулақ болу қажет. ТШИ-дың ұлттық экономикаға жағымды салдарынан басқа, экономикалық өсуге теріс әсер ететіндігін дәлелдейтін зерттеулер де бар. Оңтүстік Корея және ҚХР сияқты шетел инвестициялары арқылы экономикалық дамуға қол жеткізген азиялық елдер әрдайым шетелдік капиталдың қозғалысы жөнінде қатаң регламентті орнатқан. Бұл елдер капиталды қайда, не үшін тарту керектігін көрсетіп ақша ағымдарын реттеп отырды. Сонымен қатар,

олар елге тек капиталдың келіп қана қоймай, технологиялардың, басқарушылық тәжірибелер, т.б. трансфертін қамтамасыз ету қажет [2].

Ресми ақпарат бойынша, қазіргі уақытта Қазақстанда инвестициялық жобаларды іске асырып жүрген 140 шетелдік инвестор өз қызметін атқаруда. Олар жалпы сомасы 6 млрд. долларды құрайтын 150-ден аса жобаны іске асырды, сөйтіп, елімізде 20 мың жұмыс орны құрылды. «KAZNEX INVEST» агенттігінің деректері бойынша, үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының бірінші бесжылдығында 140 қолданыстағы шетелдік инвестордың 60% астамы өз жобаларын жүзеге асырған. Барлық инвесторлардың үштен бір бөлігі өз өндіріс қызметін кеңейту үстінде немесе жаңа өндірісін қайта инвестициялауды немесе қолданыстағы қуатты кеңейтуді жоспарлап отыр. Мәселен, 2015 жылы BTM Group (Түркия), LG Electronics (Корея), Galaksi Group (Түркия), Lotte Group (Корея), Danone (Франция) сынды шетелдік инвесторлардың қатысуымен жалпы сомасы 43 миллион АҚШ долларын құраған 5 жаңа жоба пайдалануға ұсынылып, 260 жаңа жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ, 2016 жылдың соңына дейін қолданыстағы шетелдік инвесторлар жалпы сомасы 104 млн. долларды құрайтын 8 жобаны пайдалануға енгізуді жоспарлап отыр. Егер бұл жобалар іске қосылса, елімізде тағы да 360 жаңа жұмыс орны ашылуы күтілуде [3,4].

Зерттеу жұмысында осы трансұлттану үрдісінің маңызды мәселелерін анықталды. Оларды шешудің келесідей бағыттарында әрекет ету қажет:

Бірінші, Қазақстанның экспорттық потенциалын кеңейту және диверсификациялау.

Екінші, импорт алмастырушы өндіріс құру, халық тұтыну тауарларының, азық-түлік тауарларының, дәрі-дәрмектің, машина жасау өнімдерінің, т.б. өндірісін дамыту.

Үшінші, көлік пен байланыс, өңдеуші салалар мен инфрақұрылым сфераларын дамыту.

Төртінші, бай табиғи қорлары бар, еңбегі мол аймақтарға (бірінші кезекте оңтүстік, батыс және орталық) шетелдік инвестицияның келуіне ықпал ету. Ал сырттан инвестиция тарту үшін біріншіден елде сәйкес жағдай жасау керек екендігі мәлім.

Стратегиялық тұрғыдан Қазақстан экономикасына жоғары технологиялы өндірістің трансұлттану үрдісін дамыту қажет. Сондықтан ТҰК-ды елімізге тарту кезінде олардан тиімділігі жоғары қазіргі заманғы технологияларды алып келуге талап қою қажет. Жаңа жүйелерді енгізу жақын арада отандық өнімнің сапасын, эксплуатациялық сипаттамалары мен әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін көтеруді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының шетел инвесторларын, соның ішінде ірі трансұлттық корпорацияларды тарту мүмкіндігін талдау нәтижесінде елімізге келесі бағыттарда әрекет етуді ұсынамыз:

- Біріншіден, елдің көрсеткіштері төмен бағыттарды анықтап, соларды іс жүзінде жақсарту мақсатын арнайы жоспар құру. Ол бағыттар:

- халықтың өмір сүру сапасын жақсарту;
- зияткерлік меншік құқығын қорғау;
- тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету;
- жемқорлықпен күресу;
- мемлекеттік басқару жүйесінің сапасын нығайту;
- бюрократиялық, әкімшілік кедергілерді жою;

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарды көбейту, инновацияларды дамыту, т.с.с;

- Екіншіден, Қазақстан туралы шетел инвесторларының хабардар болуын қамтамасыз ету қажет. Ол үшін:

- инвесторлармен тікелей қызмет орнататын агенттіктің тиімді жұмыс істуін қамтамасыз ету.

- Үшіншіден, трансұлттық корпорациялармен бірге инвестициялық жобаларды іске асыратындай, біріккен кәсіпорын құратындай сенімді, мықты серіктес – отандық кәсіпорындарды дамыту қажет. Әсіресе, өңдеуші және дайын өнім шығаратын өнеркәсіп

салаларында. Ол үшін жергілікті шағын және орта бизнестің дамуына, олардың ірі бәсекеге қабілетті кәсіпорындарға айналуына ықпал жасау қажет.

- Төртіншіден, Қазақстанның әлемдік экономикада алатын орнын, әлемдік рейтингтердегі көрсеткіштерін талдап, үздіксіз мониторинг жасау, халықаралық ұйымдарға, трансұлттық корпорацияларға елдің экономика-әлеуметтік жағдайы туралы шынайы ақпараттың таралуын қамтамасыз ету.

- Бесіншіден, Қазақстанда ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға шығындарды арттыру. Ол үшін арнайы ғылыми-зерттеу орталықтарын ашып, өндіріс үрдісімен тікелей байланыстыру қажет. Елге тартылған трансұлттық корпорациялардың елімізде тек өндірістерін орналастырып қана қоймай, өздерінің инновациялық зерттеу кешендерін орнатуларына талпынысын арттыру. Шикізатқа технологиялардың айырбасы ұстанымын ұсыну.

Одан туындайтын мәселе, біліктілігі жоғары отандық мамандарды оқыту, қызметкерлердің кәсібі біліктілігін арттыру және техникалық салаларда жас мамандарды даярлау қажеттілігі туындайды.

Алтыншы, Еуразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде мүше елдермен өңдеуші салада бірлескен кәсіпорындар құрып, ортақ көпұлтты корпорация құру перспективасын іске асыру. Қазақстанның серіктес елдермен интеграциялық үрдістер (мысалы, КО, ЕЭО) осы аймаққа ТШИ жаңа ағының ашылуына ықпал жасайды. Елдің интеграциялық үрдістерге қосылуы шетелдік капитал үшін тартымдылығын арттырады. Осындай нәтижені Мексика NAFTA еркін сауда аймағына қосылу кезінде немесе Бразилия Аргентина және басқа елдермен MERCOSUR еркін сауда аймағын құру кезінде көрсетті.

- «Қазақстандық брэнд» тауарларын басқа елдерге таныту және де тағы бір маңызды жайт Қазақстан падалы қазбаларға өте бай ел болғандықтан, алайда жер асты ресурстарының сарқылатындығын ескере отырып, жаңадан ашылып жатқан кен орындарын сыртқы компанияларға сатпай, мүмкіндігінше ішкі ресурстарды пайдалану арқылы барлау, өндіру жұмыстарын жүргізу не болмаса мемлекет қарамағына алып болашақ ұрпаққа қалдыратындай сақтап қалу дұрыс деп есептейміз.

Сонымен бірге, еліміз шетел инвесторлармен келісім сөздер жүргізген кезде келесі қағидалар мен ұстанымдарды сақтауды ұсынамыз:

«**Win-win**» қағидасы Халықаралық инвесторларға капитал салатын елдердің ашықтығы, тұрақтылығы және болжануға келетіндігі аса маңызды. Олар мемлекеттің абыройы мен сенімділігіне зор мән береді. Бұл басты параметрлерді инвесторлар инвестициялық мүмкіндікті бағалаған кезде зерттейді.

Қазақстанға өз инвестициялық тартымдылығын жақсарту үшін ТШИ тартуды мақсат еткен басқа да мемлекеттерді асып түсуі қажет. Мемлекетіміз инвесторларға өзара тиімді серіктестік жағдайына кепілдік беруі тиіс. Себебі, ешқандай бизнес «win-win» (екіжақты ұту) қағидасынсыз сәтті бола алмайды.

«**Raw materials in exchange for technology**» (Шикізат пен технологиялардың айырбасы) ұстанымы. Яғни, елімізде өнеркәсіптің қай саласында болсын жер қойнауын пайдалануға қызығушылық танытқан шетел инвесторларына шикізатқа технологиялардың айырбасының іске асуын талап ету қажет деп ойлаймыз. Инвесторлар өз өндірісін орнатқан жағдайда қызметінің тиімділігі мақсатында жаңа өндірістік технологияларды елімізге алып келсе екі жақ та ұтатындай жағдайда болады.

Шетел инвестицияларын ынталандыру механизмдер жүйесін құру кезінде ТШИ-дың нарығы адекватті нарықтық инфрақұрылымға негізделетіндігін ескеру қажет. Ол инфрақұрылым ТШИ-дың ресурстарының қозғалуына жағдай жасайды. Біздің ойымызша Қазақстанға бұл мәселеде жұмысты одан әрі дамыту қажет. ТШИ тиімді саясаты шетелдік инвесторлар үшін арнайы ақпараттық жүйені құруды қажет етеді. Оның негізгі мақсаты әлемдік ірі компаниялардың Қазақстан экономика мен құқықтық жағдайы туралы ақпараттандырылғандығын қамтамасыз ету. Ақпарат келесі позицияларды көрсету керек: сыртқы және ішкі бәсекелестік; негізгі нарықтардың перспектикалары; дистрибуциялық

желілер; экономикалық даму деңгейі; құқықтық аспектілер; елдің әлеуметтік дамуы; салалық нарықтардың негізгі субъектілері; тұтыну мен жұмысбастылық. Бұл ақпарат қазақстандық сауда комиссияларында, дипломатиялық миссияларда жинақталуы аса маңызды, себебі потенциалды инвесторлар ел туралы танысуды осындай арнайы ТШИ-агенттіктерінен басталады. ТШИ ағымын жандандырудың қажетті құралы – «public relations»- қоғамдық қатынастарды қосатын тиімді коммуникациялық стратегия болып табылады [2]. Бұл стратегия Қазақстанның инвестицияларды орналастырудың қолайлы орны ретінде имиджін құруды қамтамасыз етеді.

Әдебиет:

1. Н. Назарбаев. «Бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадам ұлттық жоспары». 20 мамыр 2015 жыл // http://strategy2050.kz/ru/page/message_text2014/
2. Абайділда Ә.Е. Әлемдік экономиканың жаһандану жағдайындағы трансұлттық корпорациялардың даму мәселелері мен перспективалары: Магистрлік диссертация. - Астана, 2016.
3. Крейдич Т.В. Тенденции транснационализации мировой экономики в условиях глобализации // Вестник МГТУ, том 13. - №1. -2010. - С. 209-214.
4. Khoich A., Abaidilda A., Current tendencies of multinational corporations' activities in Kazakhstan // News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Human Sciences. V. 3, N. 307 (2016), P. 307 – 312.

ПОСЛЕДСТВИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕОРИИ «УПРАВЛЯЕМОГО ХАОСА»

Скакова Д.А., Гусейнова А.Р., Базарбаева Л.М.

Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова,
г. Караганда, Республика Казахстан
E-mail: skakova_damira.kz@mail.ru

В процессе длительного исторического развития общества изменение ценностных систем привело к возникновению современной рыночной системы, в основу которой входит функционирование товарного производства, ориентированного на удовлетворение наших безграничных потребностей. Оно связано не только с изменением экономических отношений, но и всей конструкции социального общества, которая сказывается на каждом человеке в отдельности.

Под воздействием рыночного спроса развертывается технологическое обновление и расширение производства на глобальном масштабе. Основной целью деятельности экономических субъектов становятся деньги, что делает их главной ценностью новой рыночной системы.

Достижение глобального единomyслия в оценке рыночной экономики и системы свободной торговли приводит к мировой глобализации. Однако на современном этапе данный процесс начинает «запускать» негативные последствия: системный кризис, усиление конкурентной борьбы, нарастание неопределённости, рисков и нестабильности во всех сферах экономики и общества [1].

Доказательством такого выступают тенденции в мировой экономике: рост и преимущества одной страны обеспечивается не за счет развития эффективного производства, а за счет перераспределения богатства между сильными и слабыми странами. Достигается это с помощью резкого ослабления национального самосознания, приватизации и скупки всех видов национальных ресурсов [2].

Это предопределило появление новой теоретической парадигмы под названием «управляемый хаос». Ключевой фигурой разработки теории становится Стивен Манн. В 1992 году он выступает в институте критической сложности на конференции с докладом «Теория